

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 8 қарашадағы № 273 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы Докучаев ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Солтүстік Қазақстан облысы, Тимирязев ауданы, Докучаев ауылдық округі, Докучаев ауылы мекенжайы бойынша орналасқан тарату желілеріне қызмет көрсету үшін жалпы ауданы 1,1864 га жер учаскесіне мерзімі 49 жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Тимирязев ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Тимирязев ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кешіктірмей күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Жаров